



**АСТАНА**

**АҚШАМЫ**

**Елорда – ұлы істердің ұйытқысы**

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, ақын, халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының иегері**

Астана Алатаудан Арқаға ауысқанда, Есілге қарай бет түзеген көштің алдыңғы легінен арқалы ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы да көрінді. Биыл еңселі елорда 20 жылдық мерейтойын атап өтетіні белгілі. Алдағы мамыр айында ақынның бас қала тұрғыны атанғанына да 20 жыл толады. Оның жырына арқау болатын айшықты тақырыптарының бірі де – Астана. Астананың 15 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жарқыра, жайна, Астана!» атты мүшәйраның бас бәйгесін иеленгені де бар. Ақын өлеңдері мен дастандары ұлттық рухтың жаңғыруына қызмет етуде. Кешегі қатпарлы тарихты да, бүгінгі өмірді де шаршамай, талмай жырлап келеді. Әңгімемізді осы тақырыптардың айналасында өрбіттік.



## **АСТАНА – АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ АРМАНЫ**

**– Серік аға, Астана көз алдыңызда бой көтерді. Бас қала жайлы алғашқы әсеріңіз қандай болды? Елорданың қазіргі келбеті туралы не айтасыз?**

– 1998 жылдың 20 мамырында Астанаға көшіп келіп, бізге берілген үйге кірдік. Алматыдан келген соң шағын шаһар болып көрінді. Сол жағалау, тіпті жазық дала еді. Ол уақытта осыншалық қала орнайды, сәулетті құрылыстар бой көтереді деп ойлауымызға мұршамыз да болған жоқ. Дегенмен, Астананың болашағына сендік.

Жалпы, Астана – мемлекеттің бірден-бір бренді, тәуелсіздіктің тұғыры. Қазір

бүкіл болмысымызды, жетістіктерімізді, атқарған ісімізді Астанамен өлшейтін болдық. Мысалы, әлемдік деңгейге көтерілдік десек, сол деңгейдегі қаншама форумдар, жиналыстар, съездер бас қалада өтіп жатады. Астананың сәулеті де, дәулеті де, айбары да көріне бастады. Бұл жағдай қуантады. Астананы Елбасының бір ерлігі деп ашық, айқын айтуға болады. Президент сондай бастама көтермесе, бәлкім, біздің қазақ барымен базар деп, тәубе деген тірлікпен тарта беруі де мүмкін еді. Елорданы тәуекелге бел байлап, жасалған ұлы істердің нәтижесі деп түсінем.

Бірақ Астана аспаннан түскен жоқ. Тәуелсіздік орнап, соның нәтижесінде салынғаны анық, алайда бұл – ата-бабаларымыздың арманы. Ата-бабаларымыз қазақ жерінде, қазақтың кең өлкесінде, ел ортасында жер көлеміне, жер бедеріне лайықты үлкен астана болса екен деп армандап кетті. Кітаптардан, мақалалардан ой-пікірлерді оқып отырсақ, көбісі келісіп қойғандай осы Ақмола, Қараөткелді айтады.

**– Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның еңбектерінен осындай ойды кезіктірген едік...**

– Иә, Әлихан Бөкейхан «Қазаққа астана боларлық жер Есілдің Қараөткелі» деп анық жазған. Сәкен Сейфуллин де өзінің туған жері, туған елі есебінде Ақмоланы айтып отырған. Астананы Ташкентке көшіру керек немесе басқа қалаға ауыстыру қажет деген дау туғанда осы жерді айтқан. Қазақтың қай пұшпағы да жақсы. Бірақ, экономикалық, саяси жағынан да мол мүмкіндік беретін Ақмола екенін ол кісілер қатты түсінген. Қазақтың жер бедерін біліп, тамырын сезіп, табанымен кезіп, кенін аршыған Қаныш Сәтбаев та бұл туралы пікірін батыл жеткізген.

Бұл жерімізді басып алғандай болған басқа ұлттарды ығыстырудың да амалы еді. Өзге ұлттар басымдылығының зияны қазаққа қатты тиді. Оған жердің бос жатқаны, тың өлкесі себепкер болды. «Үш жүз жыл патшалық Ресей басып ала алмаған қазақ жерін мен тыңның әрекетімен алдым» деп Хрущев ашық айтқан.

Бұл жағдай тілімізге, мәдениетімізге, әдебиетімізге, салт-дәстүрімізге кері әсерін тигізді. Солтүстіктегі бес облысымызды Ресейге қарату туралы әңгіме айтылғанда, соған қарсы атойлап шыққан Жұмабек Тәшенов болды. Осы күні ойлап отырсам, бұл – қазақ халқы, ұлт үшін жасалған ұлы ерлік. Сол кісінің қадірін әлі білмей жатырмыз. Бізді жаудан қорғаған хандар, батырлар көп. Әрине, бәрінің басында Абылай тұр. Абылайдың ақ туы Қазақстан аспанында үнемі желбіреп тұрса да, артық емес. Ал Тәшенов сияқты ұлт мүддесі үшін қызметін құрбан қылу екінің бірінің қолынан келмейді.

## **КЕНЕСАРЫНЫҢ БАСЫ ОРАЛСА, ХАЛЫҚТЫҢ РУХЫ КӨТЕРІЛЕДІ**

**– Өзіңіз Кенесарыны талай жырладыңыз. Дастаныңызда жазылғандай, Кенесарының Ақмоланы алуы да бекер емес қой...**

– Мен Астанаға көшіп келгеннен кейін қаламгер, ақын ретінде тұрған қаламның қадір-қасиетін танытуды, Астананы жырлауды парыз санадым. «Салынып жатыр Астана» деген репортаж өлең жазған кезім де болды. Мұны

елорданың қимыл-қозғалысын, бас қаланы алаулап жанып тұрған от пен жарқырап тұрған шок сияқты көрсету үшін, арпалыс кезеңін көзге елестету мақсатында суреттеп жаздым. Бұл өлеңді «стилінді өзгерттің, бірыңғай мақтауға көштің» деп сынағандар да болды.

Бұдан бұрын да тәуелсіздік кезеңіндегі Астананы жырлап, арғы замандарға бара алмаған едім. Бірақ елорда тақыр жерге салынған жоқ қой. Бұл жерде қазақтың қаншама астаналары болды. Іргедегі Бозоқ, Тәуке ханның ордасы. Зерттей келе, бәрі астана бола қоймаса да, қазақтың үлкен ордалары болғанына көз жеткіздім.

Тарихтағы ірі оқиғалардың бірі – Кенесарының Ақмолаға шабуылы. Патшалық Ресей бекіністі салғанда да, осы жер орталыққа айналып, халық шоғырланатынын білген. Сондықтан Қараөткелді басып алуды мақсат тұтқан. «Кенесарының Ақмоланы алуы» атты дастаным сол туралы.

– **Дастаныңызда тарихи шындықтың үлесі қаншалықты болды?**

– Құр көркемдік қиялға берілмей, тарихты көп зерттедім. Соның ішінде Жамбыл Артықбаевтың еңбектерін оқыдым. Ақселеу Сейдімбектің Кенесарының батырлары туралы айтқан тәмсілдері де бар еді. Сол батырлардың бірі – Шұбыртпалы Ағыбай. Негізі Абылай заманындағы Бөгенбай, Қабанбай бейнелері біраз жырланды. Ал Ағыбай тасада қалғандай еді, бұл олқылықты толтыруға тырыстым. Естіген әңгімелерім де сүйсіндірді. Тарихи фактілерге сүйеніп, дастанды жазып шықтым. Поэманы қазіргі кезде тым ұзақ жазуға болмайды, мен де мөлшерлеп жаздым. Байқасаңыз, орыстардың поэмасы 50-60 шумақтан ғана тұрады. Қазақтың ауқымы оған сыймайды, біз біразға сілтеп қаламыз, дегенмен қазіргі поэмаларымыз баяғы фольклорлық дастандар емес.

Дастаным жұртқа ұнап, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мүшәйрадан бас жүлдені алдым. Бұл поэманы Астанаға қосқан бір үлесім деп есептеймін. Астана тарихын ойлаған, соған бойлаған кезде Кенесарының әскері Тайтөбеде жасақталғанын анықтадым. Мені бір таңғалдырғаны, Кенесары тіккен шатыр қазіргі «Хан шатыр» маңайында орналасқан. Ал ол бастаған қалың қол бүгіндері ханның ескерткіші, Қажымұқан стадионы орналасқан тұста жаумен арпалысқан. Бұл туралы маған Ақселеу айтты.

– **Бір сұхбатыңызда: «Тәуелсіз еліміздің жалы күдірейіп, егемендігіміз баянды болсын десек, патшалық империяға қарсы күресіп, тәуелсіздік рухын оятқан Кенесарының басы табылып, Қазақстан жүрегі Астананың қақ төсінде тұруы керек» дедіңіз. Осыны тарқата айтсаңыз.**

– Мұны мен ғана емес, талайлар айтып жүр. Мен мұнымен келісем. Кенесарының басы оралса, халықтың рухы көтеріледі. Айбарымыз асып, даңқымыз артады. Рухтың оралуы әрі қарай өркендеуімізге еріксіз жол ашады. Оның ең басында Кенесары тұр. Өйткені Кенесары сияқты тәуелсіздік жолында 10 жылдай күресіп, құрбан болған батырлар сирек. Кенесарының басы келсе, шын мәнісінде ұлтымыздың ұлылығын, батырлығын, қадір-қасиетін жанымызбен сезініп, еңсеміз көтеріледі. Қиындыққа мойымайтын, батыр да батыл ел екендігімізді көрсететін кемел кезең туады.

## ҰЛТТЫҚ ПАНТЕОН ҚАСТЕРЛІ ОРЫНҒА АЙНАЛУЫ ТИІС

– Талғат Бигелдинов дүниеден озғанда газетімізде «Биіктік туралы баллада» аталатын аза жырыңыз шықты. Сонда «Талғаттың сүйегін өзінің туған жері Астанаға алып келіп, ұлттық пантеонға қою керек» деген қисынды ой көтердіңіз. Алайда оған құлақ асқан жан болмаған сияқты. Жалпы, Кейкі батырдың басының да мәңгілік мекені Астана болуы керек еді деп ойлаймыз...

– Өте дұрыс сұрақ қойып отырсың. Ұлттық пантеон қастерлі орынға айналуға тиіс. Осы жерде дін мәселесін назарда ұстауымыз қажет. Пантеон мұсылманның мазары болып қалыптасуы керек. Ерекшеліктерімізді сақтамасак, онда дінді несіне ұстанып, әспеттейміз?

Ал Талғатты айтқан себебім, батыр өмір бойы туған жерін аңсап өтті. Осы жерде туып, кіндігінің қаны тамды, сосын әскери жолға түсті. Кейін соғыс басталды. Бішкек батырды меншіктеп алып, дәріптеп, бюстін қойды. Ал біз туған жерінде әлі күнге дейін ескерткішін орната алмай отырмыз. Мен ол кісімен ептеп араластым. Талғат Астанаға көшкісі келгенін білем.

Кәкімбек Салықов Алматыда дүниеден озды. Сонда ұшақпен Астанаға алып келді. Бұл әрекетке отбасы да, біз де риза болдық. Басына жезкіік бейнеленіп, кешен сияқты жарасымды ескерткіш орнатылды. Талғаттың да жамбасын туған жерге тигізу керек еді. Бірақ оны ойлаған бір адам болмады. Оған күшіміз де жетер еді... Қайтейін...

– **Астанаға көшіп келген бетте жалғызсырап қалған жоқсыз ба? Қалай дегенмен де ол уақытта зиялы қауым қалада аз еді ғой.**

– Жалғызсыраған сәттер болды. Бір жақсы жері, біздің алдымызда Парламент, депутаттар көшіп келді. Астанада Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Арғынбай Бекбосынов болды. Өнер жағында Кенжеғали Мыржықбай жүрді филармонияны басқарып. Өзімнің жерлесім, композитор Қайыржан Мақановпен бала кезімізден бірге өстік. Содан Астанада бір шоғыр болып жиналып қалдық. Кейіннен әншілер, жыршылар келіп жатты. Мырзатай Жолдасбековтің шақыруымен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің төңірегінде Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғараұлы топтасты. Осылай орта қалыптасты. Қазір Астанада 150-ге жуық Жазушылар одағының мүшелері тұрады екенбіз.

– **Жуырда Жазушылар одағының кезекті XV құрылтайы өтті. Оған өзіңіз де қатыстыңыз. Содан не түйдіңіз? Қаламгер қауым да «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан тыс қалмауы тиіс деп ойлаймыз.**

– Жаңа төраға етіп Ұлықбек Есдәулетті сайлағанымыздан хабардарсың. Бұл – дұрыс. Ұлықбек – әдебиеттің мәнін, дәмін білетін ақын. Нұрлан Оразалин да сондай болды. Бірақ адамның бір жерде тым ұзақ жұмыс істегеннен кейін қателесетіні – заңды. Нұрланның өзі де соны мойындағандай болып, орнын босатты. Кеткен адамның артынан тас лақтыру, ғайбат сөз айту кімге болсын жараспайды. Менің көңіліме осындай жағдай тиді. Біз сондай кекшіл, қатыгез қоғамға айналып бара жатқан жоқпыз ба деп күңірендім.

Құрылтайда Одақты Астанаға көшіру туралы да айтылды. Бұл дұрыс,

Ұлықбек бұрын Астанада жұмыс істеген, осында келуден қашпайды деп ойлаймын. Қазіргі заманның талабы да осы. Рухани жаңғырудың тұсында Жазушылар одағы елордада болуы керек. Одақ сияқты қастерлі ұйымның Астанада болмауынан да көп кемшілік кетіп жатыр. Мысалы, Алматыға барып, шулаймыз, айтылғанымыздың бәрі сол жерде қалады. Ал Астанада айтылған дүние барлық жаққа тарап жатады. Астана ақпаратты тарату жағынан әлемдік деңгейге көтерілді.

## **АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ БІРДЕ-БІРЕУІНІҢ ЕСКЕРТКІШІ ЖОҚ**

**– Астананың мәдени, рухани жетістіктері туралы не айтасыз? Сіздің ойыңызша, елорда қазір «Рухани жаңғыруға» қалай үлес қосуда, руханият ордасына айналды ма?**

– Кезінде «Балуан Шолақ-Ғалия» атты дастан жаздым. Олар қазіргі «Астана» концерт залы маңайында болған базарда танысқан. Ғалия Астананың «Жастар» шағын ауданындағы зиратта дамылдап жатыр. Мына тұрған Күйгенжарда Иманжүсіп өмір сүрген. Астанадан жетпіс-ақ шақырым жерде Құлагер жығылды. Қасым Тәукенов мені сол орынға апарған. Баяғы заманда бәйге өткенде жылқы бір шеңберді айналып шаппайтын. Құлагер қатысқан соңғы аламан Астананың қазіргі жылу-энергия орталығы маңынан басталған. Содан тұлпар жетпіс шақырымнан соң, кісі қолынан мерт болды. Басығара батыр да Астананың маңында жерленді. Бас қалада осындай тарихи орындар баршылық.

Менің көңілімде тұратын бір-екі дүние бар. Өнер ордалары салынды. ЭКСПО қалашығында небір ғимараттар бой көтерді. Жазушылар одағы да ЭКСПО-ның бір қанатына көшіп келіп, орнығады деген үмітіміз бар. Этноауыл салынды. Бірақ осы күнгі үлкен қалалардың мәдениеті театрмен өлшенеді. Театрды сүйетін көп халық болса, сол қаланың мәдениеті биік болады. Сол тұрғыдан алғанда, академиялық атағы бар Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық драма театры аудандық партия комитетіне салынған ескі, тар ғимаратта әлі отыр.

Кезінде мені қызметке қабылдаған театр мен киноның хас шебері, талай әртістерді қанаттандырған Әзірбайжан Мәмбетов те театрдың тарлық ететініне, құрқылтайдың ұясындай ғимарат бұйырғанына қынжылатын. Қаншама жыл өтсе де, кең ғимарат сала алмай отырмыз. Әрине, іргесі қалануда деп естіп жатырмыз. Соны тездету керек. Қазақ театры алғашқы құрылыс нысандарының бірі болып салынуы қажет еді.

Ауызды қу шөппен сүрткен жарамайды, «Астана Опера» бар. Бірақ драма театрының орны бөлек. Оны да елорда дамуының бір қозғаушы күші деп санауымыз керек.

**– Сізді толғандыратын екінші мәселе қандай?**

– Астанада Құдайға шүкір ескерткіштер бар. Астана тәуелсіздіктің қаласы ғой. Алайда сол тәуелсіздіктің жолында құрбан болған Алаш арыстарының бірде-біреуінің ескерткіші жоқ. Олардың ескерткіштері басқа қалада болмаса да, елордада болып, халықтың рухын көтеріп тұруы қажет. Әлихан

Бөкейханның 150 жылдығы өтті, неге орнатпадық? Алдағы үш-төрт жылда Ахмет Байтұрсынұлының да туғанына 150 жыл толады. Елдігімізді, мемлекеттілігімізді ойласақ, Жұмабек Тәшеновке де ескерткіш орнату керек. Сонда ерлігіміз, ұлтымыздың тағдыры тас мүсіндерден-ақ көрініп тұрар еді. Бұл ұрпақ үшін, ұлт үшін керек. Экономикасы қарыштап дамып бара жатқан біз сияқты елге бұл қиын емес. Оған тек қана көңіл қоя білу қажет. Қарағандыда Әлихан Бөкейханға әлі бір аудан бере алмай келе жатырмыз. Бұл не сұмдық? Халыққа Октябрь керек пе, Бөкейхан керек пе? Әрине, тәуелсіздіктің даңғыл жолымен келе жатырмыз, ал мұндай келеңсіз жағдайларды тәуелсіздіктің түйткілдері деп түсінем. Ұлтымыздың асылдарына, қайраткерлеріне, ұлтымызды сақтаған тұлғаларға бірінші жол ашылу керек қой.

Астананың жиырма жылдығында жасампаздықты айтып, шыққан биігімізді әспеттеп, ұғындырайық. Бірақ бірыңғай онымен кетіп қалсақ, баяғы кеңес заманындағы ұраншылдыққа ұрынамыз. Елорданың биылғы мерейтойының жөні бөлек. Мұны тек қана Астананың тойы деп емес, тәуелсіздіктің тойы деп ұғынуымыз керек. Ел-жұрт үшін құрбан болған оғландарымызды ұлықтауымыз қажет. Шетелдерден әншілерді құр шақырмай, өткенді еске алып, соның сырына қанықтыратын, мұңына мойынұсындыратын, қастерлі той болуы керек.

**– Өзіңіздің Астана мерейтойына жасайтын тартуыңыз бар ма? Бұл тұрғыда жоспарыңыз қандай?**

– Амандық болса, жиырма жыл ішінде жазылған өлеңдерімнің, дастандарымның басын қосып, «Есімің сенің – елорда» атты кітап шығарғалы отырмын. Сендердің газеттерінде де көп өлеңдерім жарияланды. Айтпағым, бұрын да астаналарымыз болды. Ал Астананың бір ерекшелігі, бұл – тәуелсіз елдің елордасы.

**Сұхбаттасқан  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ**